

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы <b>БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР</b>		044-62/11 ( ) 40 беттің 1 беті

## БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР

### 1-ші аралық бақылау бағдарламасының сұрақтары

Білім беру бағдарламасының аты:	«Жалпы дәрігерлік тәжірибе»
Пән коды:	ZhDT 7301-4
Пәні:	«ЖТД практикасындағы гериатрия»
Кредиттің/сағатының жалпы көлемі:	(90 сағ/3 кред)
Курс:	7
Оқу семестрлері:	13,14

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы


044-62/11 ( )

БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР

40 беттің 2 беті

Әзірлеген: доцент Сартаева К.А.

Кафедра меңгерушісі

м.ғ.д., профессор Досыбаева Г.Н. 

№ 10 хаттама 24.05 2024 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 ( ) 40 беттің 3 беті

<question> 65 жастағы ер адам, қақырық пен жөтелге, тез жүргенде, аздаған биіктікке көтерілгенде пайда болатын еңтігуге шағымданады. Анамнезінде-25 жыл бойы күніне 1 қораптан (20 сигарет) темекішегеді. Соңғы 5 жылда суық тию кезінде еңтігудің күшеюін атап өтеді.

Еңтігу шкаласы бойынша Medical Research Council Dyspnea Scale (MRS) еңтігудәрежесі қандай?

<variant> 1 дәрежесі

<variant> 0 дәрежесі

<variant> 2 дәрежесі

<variant> 3 дәрежесі

<variant> 4 дәрежесі

<question> 64 жастағы ер адам, күні бойы жөтелге, таңертең - қақырықпен, 100 метрге жүргенде пайда болатын еңтігуге, тоқтауға тура келетініне шағымданады. Анамнезінде-25 жыл бойы күніне 1 қораптан (20 сигарет) темекішегеді. Еңтігу шкаласы бойынша Medical Research Council Dyspnea Scale (MRS) еңтігудәрежесі қандай?

<variant> 3 дәрежесі

<variant> 0 дәрежесі

<variant> 1 дәрежесі

<variant> 2 дәрежесі

<variant> 4 дәрежесі

<question> 65 жастағы ер адам үйге дене қызуының жоғарылауына, бас ауыруына, құрғақ жөтелге шағымданып дәрігерді шақырды. Объективті: температура 39,2<sup>0</sup>С, көз склераларының қан тамырлары инъекцияланған, аңқасының шырышты қабаты айқын гиперемияланған, өкпесіндегі тынысы қатайған, сырылдары жоқ. Жүрек тондары бәсеңдеген, ЖЖС – 124 рет/мин., АҚ – 110/70 мм с.б., ТАЖ – 26. Қан анализінде: эр. – 3,4x10<sup>12</sup>/л, Нв – 135 г/л, лейкоц. – 4,2x10<sup>9</sup>/л, э. – 5%, т/я – 7%, с/я – 63%, м – 5%, л – 20%, СОЭ – 18 мм/сағ. Қалада тұмауға эпидемия жарияланды. Сіздің тактикаңыз.

<variant> Осельтамивир

<variant> Анаферон

<variant> Ремантадин

<variant> рекомбинантты альфа-2b интерфероны

<variant> имидазоллилэтанамидпептан-дион қышқылы

<question> 68 жастағы ер адам дәрігерге жиі таңертең кілегейлі қақырықтың бөлінуімен жөтелге шағымданды. Жөтел 25 жыл бойы мазалайды. Зиянды әдеттер-25 жастан бастап күніне 1 қорапқа дейін шылым шегеді. Жыл сайын тұмауға қарсы екпе алады, асқынулар байқалмайды. Постбронходилатациялық тест: ОФВ1<болжанғаннан 30%. САТ бағасы=18 ұпай. Mmrc 4 шкаласы бойынша. Науқас GOLD (2019 Global Initiative for Chronic Obstructive Lung Disease) топтарының қай санатына жатады?

<variant> GOLD 3, категория B

<variant> GOLD 1, категория A

<variant> GOLD 2, категория B

<variant> GOLD 4, категория B

<variant> GOLD 4, категория D

<question> 64 жастағы ер адам дәрігерге жиі таңертең ірінді-шырышты қақырық бөлінуімен жөтелге шағымданды. Жөтел 15 жыл бойы мазалайды. Зиянды әдеттер-20 жастан бастап күніне 1 қорапқа дейін шылым шегеді. Аурудың өршуін жылына 3 рет атап өтеді.

Постбронходилатациялық тест: ОФВ1<30%. САТ=18 балл. mMRC шкаласы бойынша 4.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 ( ) 40 беттің 4 беті

Науқас GOLD (2019 Global Initiative for Chronic Obstructive Lung Disease) топтарының қай санатына жатады?

<variant> GOLD 4, категория D

<variant> GOLD 1, категория A

<variant> GOLD 2, категория B

<variant> GOLD 3, категория B

<variant> GOLD 4, категория B

<question>Әйел 69 жаста. Емханаға барып келгеннен кейін бірнеше сағаттан кейін селсоқтық, лихорадка, мұрнының бітуі, көзінен жас ағу, жөтел, бүткіл денесінің ауруы пайда болды. Науқас ӨСОА бойынша тіркеуде тұрады. Басталған аурудың асқынуын алдын алы үшін қандай препаратты тағайындау маңызды ?

<variant> осельтамавир

<variant> моксифлоксацин

<variant> беродуал

<variant> метронидазол

<variant> азитромицин

<question>Қарттар үйінің 80 жасар ер адамы 2 күн бойы жөтелге, қызба мен еңтігуге шағымданды. Анамнезінде-ҚД 2 типті, АГ, деменция. Инсулин, эналаприл, донепезилқабылдайды. Денеқызуы 38, 1 құрал, PS 112/мин, ТЖ 35/мин, АҚҚ 78/60 мм.с.б. Пульсоксиметрия 77%. Рентгенография – оң өкпенің жоғарғы және орташа бөлігінің инфильтраттары.

Науқастың қақырығын зерттеу кезінде төменде аталғандардың қайсысы анықталуы мүмкін?

<variant> Грам оң диплококктар

<variant> Грам оң кокктар

<variant> Грам теріс кокобациллдар

<variant> Грам теріс таяқшалар

<variant> Грам оң бұтақты бактериялар

<question>Әйел 62 жаста, дене қызуының 38,5°C дейін жоғарылауына, аз бөлінетін шырышты-іріңді қақырықпен жөтелге, аздаған еңтігуге шағымданып келді. 10 күннен бері ауырады, ауру лихорадкамен, тамағындағы ауыру сезімімен, құрғақ жөтелмен жедел басталған, 3 күн бұрын жағдайы ауырлап, еңтігу пайда болған. Объективті: АҚҚ 110/70 мм.с.б, ЖСЖ 95 рет мин, ТЖ - 18 рет мин, оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде әлсіз тыныс фондында крепитация естіледі, ортаңғы және жоғарғы бөлімінде – бронхтық барынша тыныс. Пульсоксиметрия - 95%. ЖҚА - Л 11x109/л, Эр - 3,2x10<sup>9</sup>/л, Нв - 123 г/л, ЭТЖ - 24 мм/сағ. Өкпенің Р-графиясы - оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде орташа интенсивті инфильтратты көлеңке. Қандай тактика тиімді?

<variant> амоксициллинмен амбулаторлы емдеу

<variant> пefлоксацинмен амбулаторлы емдеу

<variant> күндізгі стационар жағдайында цефтриаксонмен емдеу

<variant> терапевтік бөлімге госпитализациялау, ровамицин

<variant> РИТБ (ОРИТ) госпитализациялау, ципрофлоксацин

<question>Әйел 67 жаста, 2 апта бойы қиын бөлінетін шырышты-іріңді қақырықты жөтел және түнгі уақыттағы ұстамалы құрғақ жөтел, дене қызуының 38°C дейін жоғарлауы мазалайды.

Қарап тексергенде: ТЖ- 22 рет мин, өкпесінде қатаң тыныс, шашыранды шулы сырылдар.

Рентгенологиялық өкпе суретінің күшеюі анықталады. Қандай тактика БАРЫНША тиімді ?

<variant> рокситромицинмен амбулаторлы емдеу

<variant> пefлоксацинмен амбулаторлы емдеу

<variant> күндізгі стационар жағдайында цефтриаксонмен емдеу



<variant> терапевтік бөлімге госпитализациялау, ровамицин

<variant> терапевтік бөлімге госпитализациялау, левофлоксацин

<question>72 жастағы әйел 3 күн бойы қызба, миалгия, жөтелге қатысты жүгінді. Жербөлмеде (временка) тұрады, көршілерде ұқсас белгілер болған. Анамнезінде - АГ, лизиноприл қабылдайды. Дене қызуы - 38,9 С, пульс - 105/мин, ТЖ - 22/мин, АҚ - 110/60 мм с.б., SaO<sub>2</sub> - 89%. Қандағы лейкоциттер -10 500/мм<sup>3</sup>, креатинин – 79,6 мкмоль/л, прокальцитонин - 0,05 мкг/л (норма<0,06). Өкпе R -да - төменгі бөлікте екі жақты қарауыту. Цефтриаксинмен және азитромицинмен емдеу басталды. Екі күннен кейін-дене қызуы -37,6 С, прокальцитонин - 0,04 мкг/л, SaO<sub>2</sub> - 96%. Ауруды басқарудағы тиімді қадам қандай?

<variant> Цефтриаксон мен азитромицинді 7 күнге дейін жалғастыру

<variant> Цефтриаксон мен азитромицинді тоқтату

<variant> Өкпенің қайталама рентгенографиясы

<variant> Цефтриаксон тоқтату және азитромицинді жалғастыру

<variant> Қақырықты себу

<question>Әйел 65 жаста. Скринингтен өту кезінде анықталды: ДСИ 26, АҚК 120/80 мм с.б., ЖСЖ - 75 рет мин, глюкоза - 5.4 ммоль/л, холестерин - 4.7 ммоль/л. ЭКГ - ЖЭО қалыпты, ритм синусты, оң жақ Гис аяқшасының толық емес бөгемесі. Гинекологиялық қарауда патология анықталған жоқ. РАР-тест - "цитограмма өзгеріссіз". Маммография - өзгеріссіз. Оны қандай диспансерлік бақылау тобына жатызу керек?

<variant> 1 топ

<variant> 1А топ

<variant> 1Б топ

<variant> 2 топ

<variant> 3 топ

<question> Ер кісі 65 жаста, 2 апта бұрын пайда болған, физикалық жүктемеде дамиды, 1-2 мин созылатын және спонтанды жойылатын төс артындағы ауыру сезіміне шағымданып, аймақтық дәрігерге келді. Күніне 1 қорап шылым тартады. Объективті: ДСИ (ИМТ) 32, АҚ 135/65 мм сын. бағ. ЖЖС 75 мин, жүрек тондары анық, ретті. Диагноздың бірінші кезеңінде қандай зерттеу жүргізу керек?

<variant> Коронароангиография

<variant> Кеуде торының Р-графиясы

<variant> Эхокардиография

<variant> Электрокардиография

<variant> Ұйқы артериясының доплер-сонографиясы

<question> Әйел 69 жаста. Емханаға барып келгеннен кейін бірнеше сағаттан кейін селсоқтық, лихорадка, мұрнының бітуі, көзінен жас ағу, жөтел, бүткіл денесінің ауруы пайда болды. Науқас ӨСОА бойынша тіркеуде тұрады. Басталған аурудың асқынуының алдын алы үшін тағайындалатын дәрмекті таңдаңыз.

<variant> осельтамавир

<variant> моксифлоксацин

<variant> беродуал

<variant> метронидазол

<variant> азитромицин

<question>GINA ұсыныстарын қолданып, диагнозын нақтаңыз. 64 жастағы, бірнеше жыл бронхтық астмамен сырқат әйелді тұншығу ұстамалары аптасына бірнеше рет мазалаған, дипроспан инъекциясынан кейін (дәрігер тағайындауынсыз) тұншығу ұстамасы бір ай көлемінде мазаламаған. Соңғы уақытта беротекпен басылмайтын жөтел мен елтігу дамыған,

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 ( ) 40 беттің 6 беті

жағдайы түндерде ауырлаған. Об-ті: науқас мәжбүр қалыпта, айқын енгігу, дистанциялық сырылдар естілді.

<variant> Бронхтық астма, орта ауырлықтағы персистенциялаушы ағымда, гормонға тәуелді түрі, орта ауырлықтағы өршуі, ТШ2

<variant> Бронхтық астма, жеңіл персистенциялаушы ағымда, орта ауырлықтағы өршуі, ТШ2

<variant> Бронхтық астма, ауыр персистенциялаушы ағымда, гормонға тәуелді түрі, ауыр дәрежелі өршуі, салыстырмалы компенсациядағы астмалық статус, ТШ3

<variant> Бронхтық астма, интермиттолық ағымды, жеңіл дәрежелі өршуі, ТШ1

<variant> Бронхтық астма, ауыр персистенциялаушы ағымда, гормонға тәуелді түрі, ауыр дәрежелі өршуі, астмалық статус, гипоксиялық, гиперкапниялық кома

<question>Өршүін басудың дұрыс емдік тактикасын таңдаңыз. 66 жастағы, бірнеше жыл бронхтық астмамен сырқат әйелді тұншығу ұстамалары аптасына бірнеше рет мазалаған, дипроспан инъекциясынан кейін (дәрігер тағайындауынсыз) тұншығу ұстамасы бір ай көлемінде мазаламаған. Соңғы уақытта беротекпен басылмайтын жөтел мен енгігу дамыған, жағдайы түндерде ауырлаған. Об-ті: науқас мәжбүр қалыпта, айқын енгігу, дистанциялық сырылдар естілді.

<variant> Преднизолон в/і 30-60 мг, сальбутамол ингаляциясы, оттегі

<variant> Фенотерол ингаляциясы, эуфиллин ерітіндісі в/і, оттегі

<variant> Вентолинді небулайзермен енгізу, оттегі

<variant> Преднизолон в/і в дозе 30-60 мг, оттегі

<variant> Метилпреднизолон 120 мг в/і, фенотерол, оттегі

<question>ЭКГ мүмкін болатын өзгерісті таңдаңыз. Науқас 65 жаста, кенеттен дамыған тұншығу ұстамасына шағымданды. Анамнезінде аяқтарының тромбофлебиті. Об-ті: бетінің және кеудесінің жоғарғы бөлігінің цианозы. Мойын веналары томпайған. Өкпесінде әлсіз везикулалық тыныс. ТЖ 35 мин. Қарағанда тыныс алуда күшейетін эпигастрийдегі пульсация анықталды. Жүрек шекарасы оңға қарай ығысқан. Аускультацияда өкпе артериясында 2 тон акценті. АҚ 90/60 мм сын. бағ. ЖЖС 100 мин.

<variant> Жүректің оң бөліктеріне күш түсу белгілері, S<sub>1</sub>, Q<sub>III</sub>, T<sub>III</sub>

<variant> Патологиялық тісше Q, ST сегментінің көтерілуі, T тісшесінің инверсиясы

<variant> ST сегментінің бірнеше бөліктерде көтерілуі

<variant> ЖЭО солға ауытқуы, сол қарынша гипертрофиясы

<variant> ST сегментінің төмендеуі

<question>Емнің дұрыс тактикасын таңдаңыз. Науқас 72 жаста, омарташы, қыс мезгіліне ара ұясын шөппен жауып дайындағаннан кейін ауырып қалған. Пневмония диагнозы қойылып, амоксициллин тағайындалған, бірақ бұл емнен жағдайы нашарлаған: қарқынды енгігу дамыған, тыныс алу шыңында жөтелу күшейе түскен, әлсіздік пен шаршағыштық қосылған. Об-ті: тыныс алу шыңында крепитациялар естілді, жөтелуден өзгермеді. Преднизолон 40 мг/тәу. тағайындалды, дозасы біртіндеп 10 мг дейін төмендетілді, жағдайы жақсара бастады.

<variant> Преднизолонды сол дозада жалғастыру

<variant> Делатал тағайындау

<variant> Преднизолон беруді тоқтату

<variant> Физиоём тағайындау

<variant> Преднизолон дозасын 90 мг дейін жоғарылату

<question>Асқынуын анықтаңыз. ӨСОА, басым эмфиземалық варианты, С категориясы, ремиссия фазасы бар науқаста қатты жөтелден кейін аяқасты кеудесінің сол жартысында ауырсыну пайда болған және енгігу дамыған. Об-ті: кеудесінің сол жартысы тыныс актісінен қалыңқы және қабырға аралықтары тегістелген; перкуссияда - тимпанит.





<variant> Пневмоторакс

<variant> Өкпе ателектазы

<variant> Өкпе инфаркті

<variant> Өкпе эмфиземасы

<variant> Экссудатты плеврит

<question>Дұрыс емдік тактиканы таңдаңыз. Науқас 64 жаста, көптеген жылдар ӨСОА, басым бронхиттік типі, В категориясынан зардап шегеді, суық тигеннен кейін дене қызуының жоғарылауына, шырышты-ірінді қақырықты жөтелге, еңтігуге, тершендікке шағымданды. Рентгенде оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде инфильтрация анықталған.

<variant> Кларитромицин + амброксол + ипратропиум бромиді

<variant> Тетрациклин + метрогил + лазолван

<variant> Амоксиклав + гентамицин + бромгексин

<variant> Цефазолин + преднизолон + бромгексин

<variant> Пенициллин + амброксол + сальбутамол

<question>Созылмалы өкпе текті жүректің ең жиі себебін табыңыз:

<variant> өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы

<variant> өкпе рагі

<variant> кеуде сарайының деформациясы

<variant> біріншілік өкпелік гипертензия

<variant> өкпе артериясының рецидивтеуші тромбтық эмболиясы

<question>74 жастағы ер кісінде экспирациялық еңтігу. Зиянды әдеттері жоқ. Об-ті: "алқызыл алқынғыш – розовый пыхтельшик", астеник. Эпигастрий аймағында пульсация. Үшінші тыңдау нүктесінде II тонның акценті. Бауыры ұлғайған, аяқтары ісінген. ЭКГ жүректің оң бөліктерінің гипертрофиясы. Жетекші синдромдарын белгілеңіз:

<variant> өкпе ауалылығының артуы, өкпелік гипертензия, өкпе текті жүрек

декомпенсацияланған, жүрек шамасыздығы

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылуы, өкпелік гипертензия, өкпе текті жүрек, жүрек шамасыздығы

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылуы, тыныс шамасыздығы, үш жармалы қақпақ шамасыздығы, кардиомегалия

<variant> өкпе ауалылығының артуы, тыныс шамасыздығы, өкпелік гипертензия, өкпе текті жүрек, компенсацияланған

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылуы, өкпе ауалылығының артуы, өкпелік гипертензия

<question>67 жастағы темекіні шамадан артық тартатын ер кісі аралас еңтігуге, ұстамалы аз

қақырықты жөтелге, жүрек тұсының ешқайда тарамайтын, шаншып ауырсынуына

шағымданды. Об-ті: тыныс шығаруы ұзарған, шашыраңқы құрғақ сырылдар, жүректің оң шегі кеңіген, үшінші тыңдау нүктесінде II тонның акценті. Жетекші синдромдарын анықтаңыз:

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, тұрақты үдемелі; екіншілік өкпелік гипертензия

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, тұрақты, үдеусіз; оң қарынша гипертрофиясы

<variant> біріншілік өкпелік гипертензия; өкпе текті жүрек

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, қайтымды

<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы; өкпелік гипертензия, жүрек шамасыздығы

<question>67 жастағы темекіні шамадан артық тартатын ер кісі аралас еңтігуге, ұстамалы аз

қақырықты жөтелге, жүрек тұсының ешқайда тарамайтын, шаншып ауырсынуына

шағымданды. Об-ті: тыныс шығаруы ұзарған, шашыраңқы құрғақ сырылдар, жүректің оң шегі кеңіген, үшінші тыңдау нүктесінде II тонның акценті. Диагнозын анықтаңыз:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 ( ) 40 беттің 8 беті

<variant> ӨСОА, бронхиттік түрі, D категориясы, ауыр дәрежелі өршуі. Асқ.: СӨЖ/ХЛС декомпенсацияланған

<variant> ӨСОА, бронхиттік түрі, C категориясы, ауыр дәрежелі өршуі. Асқ.: СӨЖ/ХЛС декомпенсацияланған

<variant> ӨСОА, эмфиземалық түрі, C категориясы, ауыр дәрежелі өршуі. Асқ.: СӨЖ/ХЛС декомпенсацияланған

<variant> Бронхтық астма атопиялық, бақыланбайтын, өршу фазасы ауыр дәрежелі

<variant> өкпе артериясының тромбтық эмболиясы/ТЭЛА, оң қарыншалық жіті шамасыздық

<question>63 жастағы әйел адамда әр жылдың маусым айында тұншығу ұстамалары дамып, тыныс шығаруы қиындап, ұстамалары аз мөлшерлі қақырықты жөтелмен аяқталады. Жылдың басқа айларында дені сау. Осы жылғы маусым айындағы өршуінде, об-ті: дене қалыбы мәжбүр, екі қолымен орындық арқалығына сүйеніп отыр, терісі диффузды цианозды. Тынысы шулы және ысқырықты, тыныс шығаруы ұзарған, ТЖ 26 мин., перкуссияда қорап реңкілі дыбыс, ысқырықты сырылдар барлық өкпе аландарының үстінде. Жетекші синдромы мен болжам диагнозын белгілеңіз:

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, атопиялық бронхтық астма

<variant> өкпе тінінің тығыздалу синдромы, ауруханадан тыс пневмония

<variant> өкпелік диссеминация, фиброздаушы альвеолит

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, инфекцияға тәуелді бронхтық астма

<question>Дұрыс тұжырымын табыңыз. ӨСОА бар науқастарда өкпе артериясының тромбтық эмболиясының дамуында шешуші маңызы бар:

<variant> полицитемия (екіншілік эритроцитоз) мен қан тұтқырлығының артуының

<variant> тыныс шамасыздығы мен гипоксияның

<variant> кіші қанайналым шеңберінде гемодинамиканың бұзылысының

<variant> кіші үлкен қанайналым шеңберінде гемодинамиканың бұзылысының

<variant> аяқ веналарының варикозды кеңеюінің

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Жөтеліп келген, анамнезінде кондиционерлері бар пансионаттарда, қонақ үйлерде болған; диареясы, айқын интоксикациясы, фебрильді қызбасы бар; лимфоцитопениялы лейкоцитоз анықталған және рентгендік тексерумен өкпенің тығыздалу синдромы нақталған егде науқастар пневмониясының этиологиясы:

<variant> легионелла

<variant> хламидий

<variant> микоплазма

<variant> пневмококк

<variant> стафилококк

<question>70 жастағы, зиянды әдеттері жоқ, ер кісіде экспирациялық ентігу бар. Об-ті:

«алқызыл алқынғыш – розовый пыхтельшик», астеник. Эпигастрий аймағында пульсация.

Үшінші тыңдау нүктесінде II тонның акценті. Бауыры ұлғайған, аяқтары ісінген. ЭКГ жүректің оң бөліктерінің гипертрофиясы. Жетекші синдромдарын белгілеңіз:

<variant> өкпе ауалылығының арту, өкпелік гипертензия, декомпенсацияланған өкпе текті жүрек, жүрек шамасыздығы

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу, өкпелік гипертензия, өкпе текті жүрек, жүрек шамасыздығы

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу, тыныс шамасыздығы, үш жармалы қақпақ шамасыздығы, кардиомегалия





<variant> өкпе ауалылығының арту, тыныс шамасыздығы, өкпелік гипертензия, өкпе текті жүрек, компенсацияланған

<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу, өкпе ауалылығының арту, өкпелік гипертензия

<question>66 жастағы маскүнем мас күйінде табылды: жоғары қызбасы бар, қою-қара түсті қақырықпен жөтеледі. Рентгенографияда оң жақ жоғары бөлігінде инфильтрат анықталды. Сіздің диагнозыңыз.

<variant> Фридендер пневмониясы

<variant> пневмококкты пневмония

<variant> стафилококкты пневмония

<variant> аспирациялық пневмония

<variant> жедел респираторлы синдром

<question>66 жастағы маскүнем мас күйінде табылды: жоғары қызбасы бар, қою-қара түсті қақырықпен жөтеледі. Рентгенографияда оң жақ жоғары бөлігінде инфильтрат анықталды.

Грамм боялған қақырықта көп мөлшерде кездеседі:

<variant> грамм (-) бактериялар аздаған топпен

<variant> грамм (+) коктардың шоғырлануы

<variant> грамм (+) коктар тізбек түрінде

<variant> ұзын және жіңішке грам (-) бактериялар

<variant> грамм (-)те, грамм (+) да бактериялар үлкен топпен

<question>66 жастағы маскүнем мас күйінде табылды: жоғары қызбасы бар, қою-қара түсті қақырықпен жөтеледі. Рентгенографияда оң жақ жоғары бөлігінде инфильтрат анықталды.

Арудың негізгі белгілері:

<variant> қалтырау, қызба, плевралық ауру

<variant> тұрақты жоғары қызба

<variant> жоғары лейкоцитоз

<variant> өкпе қатаюының клиникалық көрінісі

<variant> бір бөлікте орналасқан өкпедегі өзгерістер

<question>72 жастағы әйел адам бронх демікпесінің ауыр ұстамасымен бірінше реткелді.

Объективті: тыныс шығару ұзарған айқын ентігу, тері жабындысы диффузды көгерген, аускультацияда көптеген құрғақ, ысқырықты сырылдар естілді. Ем таңдаңыз.

<variant> сальбутамол ингаляциясы, нәтиже болмағанда эуфиллин 2,4%-5-7 мл в/і, нәтиже болмағанда дексаметазон 8 мг б/е

<variant> эуфиллин 2,4%-5-7 мл в/і, симбикорт ингаляциясы 80/4,5

<variant> эуфиллин 2,4%-5-7 мл в/і, симбикорт ингаляциясы 160/4,5

<variant> эуфиллин 2,4%-5-7 мл в/і + дексаметазон 8 мг б/е

<variant> сальбутамол ингаляциясы+эуфиллин 2,4%-5-7 мл в/і+преднизолон 30мг в/і

<question>67 жастағы ер адам жедел ауырды және қызбамен, тұтқыр қара-қоңыр қақырықты жөтелмен қаралды. Оң жақ өкпесінің жоғарғы бөлігінде тығыздалу. АҚ 110/70 мм сын. бағ., жсс 105 мин. Болжам диагнозыңыз.

<variant> Фридендер пневмониясы

<variant> пневмококкты пневмония

<variant> стафилококкты пневмония

<variant> аспирациялық пневмония

<variant> паракарциноидты пневмония

<question>67 жастағы ер адам жедел ауырды және қызбамен, тұтқыр қара-қоңыр қақырықты жөтелмен қаралды. Оң жақ өкпесінің жоғарғы бөлігінде тығыздалу. АҚ 110/70 мм сын. бағ., жсс 105 мин. Фридендер пневмониясы болжанды. Сіздің тактикаңыз.



<variant> пульмонология бөліміне госпитализациялау

<variant> реанимация бөліміне (ОАИР) госпитализациялау

<variant> күндізгі стационарда инъекциялық дәрмектермен емдеу

<variant> амбулаториялық дағдайда таблеткалық дәрмектермен емдеу

<variant> фтизиатр консультациясын жолдау

<question>67 жастағы ер адам жедел ауырды және қызбамен, тұтқыр қара-қоңыр қақырықты жөтелмен қаралды. Оң жақ өкпесінің жоғарғы бөлігінде тығыздалу. АҚ 80/55 мм сын. бағ., жсс 128 мин. Фридендер пневмониясы, ИТШ болжанды. Сіздің тактикаңыз.

<variant> ИТШ емін бастай отырып, реанимация бөліміне (ОАИР) госпитализациялау

<variant> пульмонология бөліміне госпитализациялау

<variant> күндізгі стационарда инъекциялық дәрмектермен емдеу

<variant> амбулаториялық дағдайда таблеткалық дәрмектермен емдеу

<variant> фтизиатр консультациясын жолдау

<question>Учаскелік дәрігер созылмалы бронхиті бар науқасқа құрамында: эуфиллин 3,0, эфедрин 0,4, калий йодиді 6,0, дистилденген су 200,0 бар қақырық түсіруші микстураны 1 ас қасықтан 3 рет тамақтан соң сүтпен ішуге тағайындады. 7 күн өткен соң науқаста мұрны біту, көзінен жас ағу, бетінде безеу пайда болды. Бұл немен байланысты?

<variant> калий йодидтің жанама әсерінен

<variant> жедел респираторлық аурудың қосылуымен

<variant> эуфиллиннің жанама әсерімен

<variant> эфедриннің жанама әсерінен

<variant> полиноздың қосылуымен

<question>Егде жастағы ер адам тұтқыр созылған қиын түсетін, күйген еттің иісіндей, желе консистенциялы, қара-қошқыл түсті қақырықпен жөтелге шағымданып түсті. Клиникалық - аздаған ылғалды сырылдар, крепитация, айқын тыныс жетіспеушілігі. Рентгенде - "ыдыраушы ұялы өкпе" феномені. Созылыңқы ағымды пневмофиброзбен, көптеген екіншілік бронхоэктаздар және қалдық қуыстар. Пневмонияны қандай қоздырғыш шақырды?

<variant> клебсиелла

<variant> тұмау вирусы

<variant> хламидиялар

<variant> микоплазмалар

<variant> пневмококктар

<question>Егде жастағы ер адамда ЖИА. Үдемелі стенокардиямен стационарда ем алып жатқанда 13-ші күні нозокомиаль пневмония анықталды. Эмпириялық қандай антибиотик тағайындалады?

<variant> Гентамицин + цефтриаксон

<variant> Пенициллин + азитромицин

<variant> Гентамицин + лефллокс

<variant> Азитромицин + лефллокс

<variant> Амоксициллин + гентамицин

<question>80 жастағы науқас терапия бөлімшесіне қызуының 39С жоғарылауына, басының ауруына және әлсіздікке шағымданып келді. Жедел ауырды, бір күн бұрын тамаққа шашалғаннан кейін қатты жөтелді. Лор-дәрігер қарап патология таппады. Кеуде қуысы рентгенінде - оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде инфильтрация. Науқаста пневмонияның қай түрі?

<variant> аспирациялық пневмония

<variant> ауруханадан тыс пневмония



<variant> госпитальды пневмония

<variant> лобарлы пневмония

<variant> алкогольдік пневмония

<question>Геронтология - бұл:

<variant> организмнің қартаюы туралы ғылым

<variant> егде және қарт жастағы аурулардың ағымының және емінің ерекшеліктерін оқитын ғылым

<variant> фертиль жасындағы әйелдердегі патологияның ерекшеліктерін оқитын ғылым

<variant> балалардағы аурулардың ағымының және емінің ерекшеліктерін оқитын ғылым

<variant> жаңа туған сәбилердегі аурулардың ағымының және емінің ерекшеліктерін оқитын ғылым

<question>Гериатрия - бұл:

<variant> егде және қарт жастағыларда аурулар ағымының және емінің ерекшеліктерін зерттейтін ғылым

<variant> организмнің қартаюы туралы ғылым

<variant> фертиль жасындағы әйелдердегі патологияның ерекшеліктерін оқитын ғылым

<variant> балалардағы аурулардың ағымының және емінің ерекшеліктерін оқитын ғылым

<variant> жаңа туған сәбилердегі аурулардың ағымының және емінің ерекшеліктерін оқитын ғылым

<question>Егде және қарт жаста үдемелі түрде төмендейтін көрсеткіштер:

<variant> миокардтың жиырылу қабілеті

<variant> қандағы глюкоза деңгейі

<variant> қанның форменді элементінің саны

<variant> гипофиз гормондарының синтезі

<variant> қышқылды-сілтілік тепе-теңдік

<question>Егде және қарт жаста үдемелі түрде жоғарылайтын көрсеткіштер:

<variant> гипофиз гормондарының синтезі

<variant> қандағы глюкоза деңгейі

<variant> миокардтың жиырылу қабілеті

<variant> қанның форменді элементінің саны

<variant> қышқылды-сілтілік тепе-теңдік

<question>Егде және қарт жастағы түнгі мезгілде диурездің жоғарылауы мынамен байланысты:

<variant> горизонталь жағдайда бүйрек қанайналымының жақсаруымен

<variant> бүйректердің біріншілік бүрісуімен

<variant> бүйректердің екіншілік бүрісуімен

<variant> екі жақты нефроптозбен

<variant> бүйректердің амилоидозымен

<question>Артериялық қан қысымының келесі деңгейі жасқа байланысты жоғарыламайды:

<variant> диастолалық

<variant> систолалық

<variant> пульстік

<variant> орта динамикалық

<variant> қапталдық

<question>Жасқа байланысты миокардта дамиды: а) үдемелі склероз в) бұлшық ет талшықтарының атрофиясы с) миокардтың бұлшық ет талшықтарының ұялы гипертрофиясы д) ишемиялық некроздың дамуы е) жүрек камераларының барлығының дилатациясы

<variant> а,в,с



&lt;variant&gt; d,e

&lt;variant&gt; a,d

&lt;variant&gt; e

&lt;variant&gt; c,d ,e

<question>Жасқа байланысты ЭКГ-да Р тішесінің келесі өзгерістері дамиды: а) кеңеюі в) жалпаюыд) қос өркештенуі е) үшкірленуі

&lt;variant&gt; a,в,c з

&lt;variant&gt; a,d

&lt;variant&gt; d,e

&lt;variant&gt; c,d,e

&lt;variant&gt; a,e

<question>Жасқа байланысты бронхтардың дренажды қызметі төмендейді: а) бронх эпителийінің атрофиясынан в) бронхтардың перисталтикасының төмендеуінен с) жөтел рефлексінің төмендеуіненд) бронхиолалардың облитерациясынан с) бронх тармақтарының деформациясынан

&lt;variant&gt; a,в,c

&lt;variant&gt; a,d

&lt;variant&gt; d,e

&lt;variant&gt; c,d,e

&lt;variant&gt; a,eз

<question>Жасқа байланысты рентгендік өзгерістер - бұл: а) өкпе тінінің мөлдірлігінің жоғарылауы в) бронхөкпе суретінің күшеюі с) түйінді диссеминация d) диафрагма қозғалысының шектелуі е) торлы диссеминация

&lt;variant&gt; a,в,d

&lt;variant&gt; c,e

&lt;variant&gt; a,c,d

&lt;variant&gt; d,e

&lt;variant&gt; a,e

<question>Өкпе эмфиземасындағы тыныс:

&lt;variant&gt; әлсіз везикулалық

&lt;variant&gt; везикулалық

&lt;variant&gt; қатаң

&lt;variant&gt; тыныс шығаруы ұзарған

&lt;variant&gt; амфоралық

<question>ӨСОА бронхообструкциялық синдромның сипаты:

&lt;variant&gt; тұрақты, үдемелі

&lt;variant&gt; спонтанды, АҚ төмендеуімен, жіті ӨТЖ асқынады

&lt;variant&gt; ұстамалы, өтпелі не/немесе сальбутамолмен басылады

&lt;variant&gt; соңғы екі жылда 3 айдан аса қақырықты жөтел

&lt;variant&gt; тұншығу ұстамасы 4-8 сағ. көп бета-миметиктермен басылмайды

<question>БА бронхообструкциялық синдромның сипаты:

&lt;variant&gt; ұстамалы, өтпелі не/немесе сальбутамолмен басылады

&lt;variant&gt; тұрақты, үдемелі

&lt;variant&gt; спонтанды, АҚ төмендеуімен, жіті ӨТЖ асқынады

&lt;variant&gt; соңғы екі жылда 3 айдан аса қақырықты жөтел

&lt;variant&gt; тұншығу ұстамасы 4-8 сағ. көп бета-миметиктермен басылмайды

<question>ӨАТЭ бронхообструкциялық синдромның сипаты:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 ( ) 40 беттің 13 беті

<variant> спонтанды, АҚ төмендеуімен, жіті ӨТЖ асқынады

<variant> тұрақты, үдемелі

<variant> ұстамалы, өтпелі не/немесе сальбутамолмен басылады

<variant> соңғы екі жылда 3 айдан аса қақырықты жөтел

<variant> тұншығу ұстамасы 4-8 сағ. көп бета-миметиктермен басылмайды

<question>Астмалық статустағы бронхообструкциялық синдромның сипаты:

<variant> тұншығу ұстамасы 4-8 сағ. көп бета-миметиктермен басылмайды

<variant> тұрақты, үдемелі

<variant> спонтанды, АҚ төмендеуімен, жіті ӨТЖ асқынады

<variant> ұстамалы, өтпелі не/немесе сальбутамолмен басылады

<variant> соңғы екі жылда 3 айдан аса қақырықты жөтел

<question>Созылмалы бронхиттің диагноздық критерийі:

<variant> соңғы екі жылда 3 айдан аса қақырықты жөтел

<variant> анамнезінде кәсіби зияндылықтар

<variant> анамнезінде пневмониялар

<variant> анамнезінде синуситтер

<variant> ИГКС нәтижелі

<question>Бронхтық астмадағы бронхтардың қабынулық процесін емдеуде қолданылады:

<variant> ИГКС

<variant> иммуномодуляторлар

<variant> бронхолитиктер

<variant> бронхоскопиялық санация

<variant> антибиотиктер

<question>ӨАТЭ өкпе артериясы тармақтарының тромбозының алдын алуда қолданылады:

<variant> гепарин

<variant> варфарин

<variant> стрептокиназа

<variant> альтеплаза

<variant> эуфиллин

<question>Бронхтық астманы бақылау мақсатында қолданылады:

<variant> ИГКС

<variant> ұзақ әсерлі бета-миметик ингаляцисы

<variant> эуфиллин

<variant> теопек

<variant> интал

<question>Бронхтық астмада бронхтардың өткізгіштігін бақылау мақсатында қолданылады:

<variant> ұзақ әсерлі бета-миметик ингаляцисы

<variant> ИГКС

<variant> эуфиллин

<variant> теопек

<variant> интал

<question>Әйел 56 жаста. Ауыр емес жүктемеден кейінгі еңтігуге, құрғақ жөтелге шағымданып келді. Еңтігу аралас сипатта. 5 жылдан бері СОӨА диагнозымен бақылауда тұрады. 30 жылдан бері күніне 1-1,5 қорап шылым шегеді. Науқас аз қақырықты жөтел ұстамасында қақырықта қан жағындысының болатынын байқаған. Еңтігу бұрынғығы қарағанда өрши түскен және тыныс шағару қиындаған. КҚМ Р-граммасында былтырғы рентген-көріністен айырмашылық байқалған жоқ. Қанда - ЭТЖ 54 мм/сағ. Бірінші кезекте қандай зерттеу жүргіза қажет ?



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 ( ) 40 беттің 14 беті

<variant> Бронхоскопия биопсиямен

<variant> кеуде қуысының КТ

<variant> Спирографию

<variant> SYFRA онкомаркерін анықтау

<variant> GenExpert

<question>63 жастағы әйел COVID карантинінен 1b санатты елден COVID-тен карантиндегі елге келді. Ұшақта COVID-2019 анықталған жолаушыдан 2 орындық кейін отырған. Шағымдары жоқ, дерт симптомдары білінбейді. COVID-2019 алғашқы тестілеу нәтижесі теріс. Эпидемиологиялық байланыс уақытының ұзақтығы қандай?

<variant> 14 тәулік барысында

<variant> 10 тәулік барысында

<variant> 12 тәулік барысында

<variant> 16 тәулік барысында

<variant> 18 тәулік барысында

<question>64 жастағы ер адам COVID карантинінен 1b санатты елден COVID-тен карантиндегі елге келді. Шағымдары жоқ, дерт симптомдары білінбейді. COVID-2019 алғашқы тестілеу нәтижесі теріс. Карантиндік шараларды өткізгеннен соң дәрігер өзін-өзі оқшаулау тәртібін ұсынды. “Бұтақталу шешімі/дерево решения” моделін карантиндік шараларға қолдану коронавирустық жұқпаның таралуын ... есе төмендетеді.

<variant> 9 есе

<variant> 2 есе

<variant> 4 есе

<variant> 7 есе

<variant> 10 есе

<question>Ер кісі 65 жаста, 2 апта бұрын пайда болған, физикалық жүктемеде пайда болатын, 1-2 мин созылатын және спонтанды жойылатын төс артындағы өтпелі ауру сезіміне шағымданып аймақтық дәрігерге келді. Күніне 1 қорап шылым тартады. Объективті: ДСИ (ИМТ) - 32, АҚҚ 145/65 мм с.б. ЖСЖ 75 мин, жүрек тондары анық, ретті. Диагностикасында бірінші кезекте қандай зеріттеу жүргізу керек?

<variant> Электрокардиография

<variant> Кеуде торының Р-графиясы

<variant> Эхокардиография

<variant> Ұйқы артериясының доплер-сонографиясы

<variant> Эргометринмен сынама

<question>Әйел 63 жаста, бірнеше апта бұрын пайда болған, жұмыс күнінің соңында пайда болатын бас ауруына шағымданып келді. Дәрігерге дейінгі медбикенің қарауда АҚҚ өлшегенде - 145/95 мм с.б. ДСИ (ИМТ) - 30, зиянды әдеттері жоқ, тұқым қуалаушылық анықталмаған.

Келесі кезеңде қандай зеріттеулер жүргізілу қажет ?

<variant> 6 сағаттан кем емес уақыттан кейін АҚҚ қайталап өлшеу

<variant> Электрокардиография

<variant> Кеуде торының Р-графиясы

<variant> Эхокардиография

<variant> Ұйқы артериясының доплер-сонографиясы

<question>Ер кісі 63 жаста. Физикалық жүктемеде пайда болатын кеуде торының сол жағындағы ауыру сезіміне, АҚ жоғарлауына шағымданды. Ауыру сезімі бірнеше ай көлемінде мазалайды. Қарап тексергенде (фото). АҚҚ – 160/90 мм сын. бағ. Аускультацияда аортада 2 тон акценті. Науқасқа ем тағайындауда липидограмманың қай көрсеткішіне назар аударасыз?





<variant> төмен тығыздықты липопротеидтердің жоғарылауы

<variant> триглицеридтердің төмендеуі

<variant> альфа-липопротеидтердің жоғарлауы

<variant> жоғары тығыздықты липопротеидтердің жоғарылауы

<variant> төмен тығыздықты липопротеидтердің төмендеуі

<question> 63 жастағы ер кісінде АҚ 175-190/95-110 мм сын. бағ. дейін жоғарылайтыны анықталды. Ем қабылдауы тұрақсыз. Дене салмағы -100 кг, бойы- 165см., бел өлшемі-105см.

Объективті: жүректің сол жақ шекарасы 5 қабырға аралықта сол жақ бұғана ортаңғы сызығынан 1 см солға. ЭКГ: ритмі синусты, Соколов-Лайон индексі – 40мм. МАУ – 300 мг/тәулігіне. Ұйқы артериясының интима-медиа кешені - 1мм. Алдағы 10 жылда кардио-васкулярлы катастрофаның даму жиілігі қандай ?

<variant> 30% жоғары

<variant> 10% дейін

<variant> 10-15%

<variant> 16-20%

<variant> 21-30%

<question> Ер кісі 65 жаста, аймақтық дәрігерге АҚ 145/95 мм с.б дейін жоғарлауына шағымданып келді. АҚ жоғарылауы бір рет профосмотр кезінде анықталған. Шылым шекпейді, зиянды әдеттері жоқ, тұқым қуалаушылық анықталмаған. Объективті: ДМС - 32, АҚҚ 135/65 мм.с.б. Глюкоза - 4.8 ммоль/л, холестерин - 4,8 ммоль/л. Науқасқа қандай ұсыныс берілу керек?

<variant> Науқас АҚ бойынша денсаулық мектебіне жолдану керек

<variant> Салауатты өмір салты бойығша ұсыныс беріп және 2 жылдан кейін тексерілуді ұсыну

<variant> Салауатты өмір салтын сақтауды ұсыну және 6 айдан кейін қайталап тексерілу

<variant> ЭКГ түсіру қажет

<variant> кардиологтың кеңесіне жолдау

<question> 65 жастағы таңертеңгісін АҚ 195/110 мм сын.бағ. дейін жоғарылап, сөйлей алмай қалды. Неврологиялық статус: есі анық, қарашықтары D=S, мұрын еріндік қатпары оң жағында тегістелген, моторлы афазия, оң жақты гемипарез, бұлшықеттік тонусы және сіңірлік рефлексі күшейген, Бабинский симптомы оң. Болжам диагнозы:

<variant> ишемиялық инсульт

<variant> Жедел гипертониялық энцефалопатия

<variant> Транзиторлы ишемиялық атака

<variant> Серозды менингит

<variant> Геморрагиялық инсульт

<question> Антигипертензиялық дәрімектер тобын таңдаңыз. Ер кісі 64 жаста, 5 жылдай АҚ 150-160/90-95 мм сын. бағ. дейін жоғарылайды. Қант диабеті 2 типті, диабетон қабылдайды. Об-ті: жүректің сол шекарасы сол жақ бұғана ортаңғы сызығымен. Өкпесінде везикулалық тыныс. Жүрек тондары анық, ырғақты. ЖЖС 80 мин. АҚ 160/94 мм сын. бағ. Сарысудағы холестерин 6,0 ммоль /л, сарысудағы креатинині 75 мкмоль/л, глюкоза 5,4 ммоль/л. МАУ 100 мкг тәулігіне.



<variant> сартандар

<variant> ААФ ингибиторлары

<variant> БАБ

<variant> диуретиктер

<variant> орталық әсерлі

<question> Антигипертензиялық дәрмекті таңдаңыз. Ер кісі 64 жаста, 5 жылдай АҚ 150-160/90-95 мм сын. бағ. дейін жоғарылайды. Қант диабеті 2 типті, диабетон қабылдайды. Об-ті: жүректің сол шекарасы сол жақ бұғана ортаңғы сызығымен. Өкпесінде везикулалық тыныс. Жүрек тондары анық, ырғақты. ЖЖС 80 мин. АҚ 160/94 мм сын. бағ. Сарысудағы холестерин 6,0 ммоль /л, сарысудағы креатинині 75 мкмоль/л, глюкоза 5,4 ммоль/л. МАУ 100 мкг тәулігіне.

<variant> телмисартан

<variant> кандесартан

<variant> бисопролол

<variant> гидрохлортиазид

<variant> метилдопа

<question> Дұрыс қорытынды жасаңыз. Төмендегі келтірілген тұжырымдардың біреуі АГ емдеудегі дұрыс нәтижесі саналады:

<variant> АГ емдеу инсульттің және ЖИА жиілігін төмендетеді

<variant> АГ емдеу инсульттің жиілігін төмендетеді, бірақ ЖИА жиілігін шамалы ғана төмендетеді

<variant> АГ емдеу ЖИА жиілігін төмендетеді, бірақ инсульттің жиілігін шамалы ғана төмендетеді

<variant> АГ емдеу инсульттің жиілігін төмендетеді, бірақ ЖИА жиілігін жоғарылатады

<variant> АГ емдеу гысана орган – бүйректе дамиды бұзылыстарды тежемейді

<question> Дұрыс диагнозын анықтаңыз. 67 жастағы науқаста АҚ 220/100 мм сын. бағ. дейін күрт көтерілуі мен басының ауырсыну негізінде айқын еңтігу, тыныс жеткіліксіздігі, кеудесінің тарылу сезімі дамыды. Өкпесінде әлсіз везикулалық тыныс, екі өкпенің төменгі бөліктерінде ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар естіле бастады. Жүрек тондары тұйық, ырғақты, ЖЖС 100 мин.

<variant> Артериялық гипертензия 3 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынған: СҚЖШ/ОЛЖН, өкпе шемені

<variant> Артериялық гипертензия 2 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынған: СҚЖШ/ОЛЖН, жүректік астма

<variant> Артериялық гипертензия 1 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынған: СҚЖШ/ОЛЖН, жүректік астма

<variant> Артериялық гипертензия 3 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынбаған

<variant> Артериялық гипертензия 3 дәр. Қауіп-қатер тобы орта (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Гипертензиялық жүрек, компенсацияланған

<question> Жағдайды саралаңыз. 67 жастағы науқаста АҚ 220/100 мм сын. бағ. дейін күрт көтерілуі мен басының ауырсыну негізінде айқын еңтігу, тыныс жеткіліксіздігі, кеудесінің тарылу сезімі дамыды. Өкпесінде әлсіз везикулалық тыныс, екі өкпенің төменгі бөліктерінде



ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар естіле бастады. Жүрек тондары тұйық, ырғақты, ЖЖС 100 мин. АҚ белсенді түсірудің қажеттілігі бар ма?

<variant> Ия, себебі бұл жағдай науқас өміріне қауіп төндіріп тұр

<variant> Жоқ, себебі бұл егде жастағы науқас

<variant> Жоқ, себебі бұл жағдай науқасқа қауіп төндірмейді

<variant> Жоқ, себебі бұл өкпе патологиясының көрінісі

<variant> Ия, себебі егде жастағы науқастарда АҚ тез түсіру маңызды

<question>Пациенттің диагноз анықтаңыз. 64 жастағы ер кісі соңғы жыл барысында басының ауырулары мен айналуына шағымданды. АҚ 170/100 мм сын. бағ. жоғарылап тұрады. Анасында АГ болған, 57 жасында инсульттен қайтыс болған. Дене салмағы артық, темекіні көп шегеді, майлы тағамдар мен сыраны жақсы көреді. Об-ті жүректің шала тұйық шектерінің БОС дейін ығысқаны анықталды.

<variant> Артериялық гипертензия, II дәр., қауіп тобы III (зиянды әдеттер, артық салмақ, СКГ)

<variant> Артериялық гипертензия, I дәр., қауіп тобы II (зиянды әдеттер, артық салмақ)

<variant> Артериялық гипертензия, II дәр., қауіп тобы IV (зиянды әдеттер, артық салмақ, СКГ, ЖИА)

<variant> Артериялық гипертензия, III дәр., қауіп тобы III (зиянды әдеттер, артық салмақ, СКГ)

<variant> Артериялық гипертензия, III дәр., қауіп тобы IV (зиянды әдеттер, артық салмақ, СКГ, қантты диабет)

<question>69 жастағы, миокардтың инфарктін басынан өткізген, аяқ тамырларының облитерациялаушы атеросклерозының клиникасы бар ер кісінде об-ті: АҚ 170/100 мм сын. бағ., пульсі 76 мин., жүрек шамасыздығының белгілері жоқ.

Жоспарлы емге антигипертензиялық дәрмекті таңдаңыз.

<variant> амлодипин

<variant> бисопролол

<variant> коринфар

<variant> гипотиазид

<variant> индапамид

<question>69 жастағы, миокардтың инфарктін басынан өткізген, аяқ тамырларының облитерациялаушы атеросклерозының клиникасы бар ер кісінде об-ті: АҚ 170/100 мм сын. бағ., пульсі 76 мин., жүрек шамасыздығының белгілері жоқ.

Қарсы көрсетілген антигипертензиялық дәрмектер тобын таңдаңыз.

<variant> бета-блокаторлар

<variant> кальций антагонистері

<variant> орталық әсерлі

<variant> диуретиктер

<variant> ангиотензин АФИ

<question>69 жастағы, миокардтың инфарктін басынан өткізген, аяқ тамырларының облитерациялаушы атеросклерозының клиникасы бар ер кісінде об-ті: АҚ 200/100 мм сын. бағ., пульсі 86 мин., жүрек шамасыздығының белгілері жоқ.

Антигипертензиялық дәрмек тобын таңдаңыз:

<variant> кальций антагонистері, ұзақ әсерлі

<variant> бета-адреноблокаторлар

<variant> кальций антагонистері, қысқаәсерлі

<variant> диуретиктермен комбинациялынған сартандар

<variant> орталық әсерлі дәрмектер



<question>65 жастағы эссенциаль артериялық гипертензиясымен дертті, өзі шешіп, тек коринфар қабылдап жүрген ер кісінде, бірнеше сағат бұрын АҚ 225/115 мм сын. бағ. дейін жоғарылады. Бас ауыруы, айналуы, оң қолында әлсіздік, құсу дамыды. Жағдайының нашарлау себебін бағалаңыз:

<variant> дәрмектің проишемиялық әсері-инсульт

<variant> антигипертензиялық ем жеткіліксіз болған

<variant> егде кісілер АГ ерекшелігі

<variant> бас миының веналық шамасыздығы

<variant> миокардтың жедел инфаркті

<question>66 жастағы ер кісі, келесі шағымдармен жеткізілді: басының желке аймағының ауыруы, жүрек айнуы, көз алдында “шіркейлердің” ұшуы. Емханалық картасынан: АГ 7 жыл ауырады, несепінде протеинурия, холестерині 8,6 ммоль/л. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті. АҚ 240/ 100 мм сын. бағ., пульсі 78 мин. ЭКГ: сол қарынша гипертрофиясы, систолалық күш түсумен.

Болжам диагнозы.

<variant> артериялық гипертензия III дәрежелі, қауіп-қатер тобы 4 (протеинурия, гиперхолестеринемия, сол қарынша гипертрофиясы, дисциркуляциялық энцефалопатия); асқынбаған гипертензиялық криз

<variant> артериялық гипертензия II дәрежелі, қауіп-қатер тобы 3 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы,); гипертензиялық криз, I типті, асқынбаған

<variant> артериялық гипертензия II дәрежелі, қауіп-қатер тобы 2 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы,); гипертензиялық криз, I типті, асқынбаған.

<variant> артериялық гипертензия III дәрежелі, қауіп-қатер тобы 4 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы, дисциркуляциялық энцефалопатия); гипертензиялық криз, II типті, асқынбаған.

<variant> артериялық гипертензия II дәрежелі, қауіп-қатер тобы 3 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы,). Асқ.: Гипертензиялық криз, I типті, асқынған.

<question>Анамнезінде мерез ауруы болған ер кісінде оң екінші к/а II тонның әлсіреуі мен диастолалық шу естілді; АҚ 170/50 мм сын. бағ. ЭКГ сол қарынша гипертрофиясы. Жүре дамыған ақауды анықтаңыз:

<variant> аорталық қапақтардың шамасыздығы

<variant> митральді қапақтардың шамасыздығы

<variant> үшжармалы қапақтардың шамасыздығы

<variant> сол а/в тесіктің стенозы

<variant> аорта сағасының стенозы

<question>Науқас 70 жаста. Артериялық гипертензиямен дәрігерде 20 жылдан бері бақыланады.+А1:ІU115 Ауыр зат көтергеннен кейін кеуде тұсында арқаға, жауырынға, мойынға, омыртқаға, желкеге берілетін кескен ауыру сезімі кенет пайда болды. 5 минуттан кейін қысқа уақытқа есінен танды. Тері жабындысы бозғылт, салқын жабысқақ тер басқан. Сол жақ ұйқы және білезік артериясында пульсация жоқ. АҚҚ 140/80 мм.с.б. Болжам диагнозыңыз қандай?

<variant> аортаның сылынушы аневризмасы

<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы

<variant> ЖИА. Жедел миокард инфарктысы



<variant> кардиогенді шок

<variant> ЖИА. Тез үдемелі стенокардия

<question>Жедел өкпетекті жүректің белгілері бір жағдайда кездеспейді:

<variant> аталғандардың барлығында

<variant> тоталь пневмонияда

<variant> ӨАТЭ немесе өкпе артериясының тармақтарының тромбозында

<variant> спонтанды пневмотораксте

<variant> астмалық статуста

<question>Ер кісі 60 жаста, уйде қарау кезінде сөйлеудің қиындауына, оң жақ аяқ қолдарындағы әлсіздікке шағымданады. Анамнезінде: таңертең ұйқысынан тұрғаннан кейін жағардағы шағымдар анықталып, жедел ауырған. Екі бұрын бұл симптомдар пайда болып,өздігінен жойылған. АҚҚ=110/70 мм.с.б. ,ЖСЖ=110 рет/мин. Қарп тексергенде: есі анық, ориентациясы бұзылмаған, қарашық OD=OS, екі жақтанда көз алмасының қырларының жетпеуі (2 мм.). Тілі оңға ығысады,сіңірлік рефлекс D>S, оң жақта Бабинский рефлексі,оң жақ аяқ-қолда бұлшықет күші 3 балл, менингеальды белгілер жоқ. Науқасты емдеуне қандай тактика керек?

<variant> нейро қантамырлық бөлімшеге жатқызу керек

<variant> науқасты үйіне тастап, лтбасылық дәрігер бақылау керек

<variant> нейропротекция мақсатында, келесі күні нейро қантамырлық бөлімшеге жатқызу керек

<variant> нейропротекция мақсатында, бір аптадан кейін нейро қантамырлық бөлімшеге жатқызу керек

<variant> ота жасау үшін, нейрохирургия бөлімшесіне жатқызу керек

<question>72 жасар еркек саябақта отырғышта табылған. Есін жоғалтпаған. Жедел жәрдем дәрігері қарап тексергенде оң қолындағы қозғалыстың бұзылысы мен сөйлеудің қиындауы – кенеттен басының айналғандығы болғанын түсінуге болатын бөлек сөздер айтқаны анықталды. Құспаған. Қабылдау бөліміне жеткізілді. Қарап тексергенде: есі сақталған, әлсіз, апатиялы. Сөйлеспейді. Қарап тексергенге наразылық кейпімен қарайды. Пульсі аритмиялы, 104 рет минутына, жүрек тондары тұйық, АҚҚ 150/100 мм сын.бағ. Ауызының оң бұрышы төмендеген. Оң қолы қозғалмайды. Оң табаны сыртқа қараған. Сіңірлік рефлексстер оң жағында сол жағына қарағанда жоғары. Оң жақта Бабинский рефлексі оң. Келесі диагностикалық кезеңде қандай зерттеу жүргізілуі тиіс?

<variant> бас миының магнитті-резонансты томография

<variant> Электроэнцефалография

<variant> жалпы қан анализі

<variant> қанның биохимиялық анализі

<variant> электрокардиография

<question>Ер кісі 68 жаста. Соңғы 2 жылда жүрек жұмысының ретсіз болуы, жүрек соғысының жиілеуі, аяқ бастарының ісінуі пайда болды. Анамнезінде 15 жылдан бері артериялық гипертензия 2 дәрежесі және ЖИА.Жүрек аускультациясында: ритмі дұрыс емес, кезеңімен “зеңбірек тоны” естіледі, жүректің жиырылу жиілігі 100 рет мин, пульс-86 рет мин., тұрақсыз. ЭКГ-ны қарағанда қандай өзгеріс күтуге болады?

<variant> P тісшесі жоқ, II, III, avF шықпаларында f толқындары, R-R аралығы әртүрлі

<variant> P тісшесінен кейін QRS комплексінің кезеңді түсіп қалуы

<variant> жіңішке QRS алдында P тісшесі, R-R аралығы бірдей

<variant> QRS алдында P тісшесі, R-R аралығы бірдей, T тісшесі теріс

<variant> кезектен тыс QRS комплексі және толық компенсациялық пауза





<question>67 жастағы ер кісі ауа райы өзгергенде және жұмыс күнінің соңында жиі бас ауыратынына, аяқ бастарының ісінуіне шағымданды. 7 жыл бұрын артериялық гипертензия анықталған. 2 жыл бұрын ишемиялық инсульт алған, 20 жылдан бері күніне бір қораптан шылым шегеді. Қарап тексергенде жүрек тондары анық, аортада 2 тонның акценті. АҚҚ 165/100 мм сын. бағ. Жүректің сол шекарасы 1 см сыртқа ығысқан. ЭхоКГ: сол қарынша миокардының индекс массасы 140 г/м<sup>2</sup>, ұйқы артериясының УДДГ: интима-медиа комплексі-1,1 мм, ұйқы артериясының бифуркациясы -1,5 мм. Емдеу тактикаңыз?

<variant> фозиноприл және карведилол

<variant> бисопрололмен монотерапия

<variant> лизиноприлмен монотерапия

<variant> лизиноприл және валсартан

<variant> амлодипин және каптоприл

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Төмендегі келтірілгендердің біреуі тұрақты ЭКС қоюға көрсетпе саналады:

<variant> толық атривентрикулдік блокада

<variant> жүрекшелердің жыбыры

<variant> I дәрежелі атриовентрикулярлы блокада

<variant> қарыншалық эктрасистолия

<variant> синустық брадикардия минутына 50 -ден аз

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Кенет коронарлық өлімнің 90% жағдайындағы себебі:

<variant> қарыншалар фибрилляциясы

<variant> экстрасистолия

<variant> пароксизмдік қарыншалық тахикардиясы

<variant> ЖФ пароксизмі

<variant> синусты брадикардия

<question>Миокардтың инфаркті бар науқаста ангинозды статусты жою үшін морфин және дроперидол қолданылды. Олардың жанама әсерлерінің қауіптісін белгілеңіз:

<variant> тыныс орталығын тежеуі

<variant> ұйқышылдыққа ұрындыруы

<variant> іш кебуін шақыру

<variant> жүрек айнуын туғызу

<variant> эйфорияға ұшырату

<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Миокардтың артқы инфарктінің ЭКГ белгілері мына тіркемелерде көрінеді:

<variant> II, III және AVF

<variant> I, aVL, V1-V4

<variant> I, aVL, V5-V6

<variant> aVL, V1-V2

<variant> V1-V6

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. ЖИА дамуының негізгі қауіп факторына жатады:

<variant> артериялық гипертензия

<variant> алкоголь қабылдау

<variant> шылым шегу

<variant> гиподинамия

<variant> семіздік

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. ЖИА, күш түсу стенокардиясы ФКІІ және II дәрежедегі АГ бар 65 жастағы науқасты емдеуді келесіден бастау тиімді:





<variant> бета-блокаторлардан

<variant> тиазидті диуретиктерден

